


«Теректі негізгі мектебінің» бастауыш сынып мұғалімі Аяпбергенова Бахытнур Рафкатовнаның тәрбие жұмыстарының 2022-2023 оқу жылына

Есебі


1-сыныпта барлығы 7 оқушы. Ұл-5, қыз-2.

2022-2023 оқу жылында 1 сынып оқушыларына тәрбие жұмысының жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Сынып оқушыларына әр айға белгіленген тақырыптар өз уақытында өткізіліп отырды. Сынып оқушыларының ата-аналарымен әр тоқсан сайын сынып жиналысы өткізіліп, ата-аналар комитетінің мүшелері сайланды. Оқу жылының басында оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, әлеуметтік құжаты құрылды. 2022-2023 оқу жылы 1-қыркүйек «Мектебім-мейірім мекені» атты тақырыпта білім күніне арналған сабақ өтілді.




Оқу жылының алғашқы тоқсанында «Ата заңым- айбыным» атты Қазақстан Республикасының Рәміздеріне 30 жыл толуына орай тәрбие жұмысы өткізілді. Оқушыларға рәміздер туралы жалпы түсінік қалыптастырылды.

25-қазан Республика күніне орай өткізілген «Тәуелсіздік тұғырым» атты тәрбие жұмысы өткізі. Оқушыардың бойындағы патриоттық сезімді ояту мақсатында түрлі тапсырмалар берілді.




Желтоқсан айы балалар есінде Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелерімен есте қалды. Желтоқсан құрбанды еске алып, Тәуелсіздіктің қадірін балаларға түсіндіру негізінде тәрбие сағаты өткізілді. Тоқсан соңы балаларға жаңа жылдық шырша орнатылып, мерекелік іс шара ұйымдастырылды.





1-қазан Қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» атты оқушылардың ата-әжелерінің қатысуымен тәрбие сағаты өткізілді. Отбасыдағы қарттардың алатын орны, тәрбие ісінде олардың үлестері туралы оқушыларға түсіндіріліп, қарттарға құрмет көрсету насихатталды.





Наурыз айында 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай қыздарымызды құттықтап, бастауыш сынып оқушыларымен бірігіп іс-шара ұйымдастырық. Ал қазақ халқының жылбасы – Наурыз мейрамын мектепшілік шара қып тойладық.



Жыл соңында оқушылардың ата-аналарымен жиналыс ұйымдастырылып, оқушылардың оқу жылында жеткен жетістіктері мен бағалары талқыланды.

Сынып жетекшісі:

Аяпбергенова Б. Р.